

Оценивается не ученик, а его работа. А при оценивании работы, акцент делается на её положительные стороны, а не недостатки.

Я считаю, что этого можно достичь, если установить ясные и измеримые критерии оценивания, понятные каждому обучающемуся и его родителям.

На данный момент, мною пополнен банк эффективных техник формативного оценивания. Разработаны критерии оценивания на каждый вид деятельности, пополнен следующий банк рубрикаторов, дескрипторов, таких как: устные ответы

(критерии оценивания по Блуму); творческие задания (оценивание презентации, оценочная рубрика для эссе); письменные работы (рубрикаторы лабораторных работ, тестов, контрольного задания и домашней работы, критерии оценивания схем, кластеров).

Разработана таблица по общему рейтингу среднего балла учащегося, которая дает объективность и прозрачность в выставлении итоговой оценки по результатам суммативных оценок за каждую изученную тему или раздел.

Ключевыми возможностями работы является постоянный динамичный, поэтапный рост, развитие, не только личный, но и учащихся о чем свидетельствуют показатели положительной динамики их мониторингов. Хочется отметить положительные стороны своей практики. Прежде всего, повышение мотивации к предмету у учащихся, результативность участия учащихся в разных конкурсах, олимпиадах, преодоление у учащихся эмоциональных, учебных барьеров, с одной стороны, с другой - установление доброжелательных профессиональных отношений с коллегами школы, постоянный поиск нового для улучшения практики преподавания и обучения, исследование и оценивание учебных достижений через рефлексивное размышление. Положительным результатом работы является признание учителя и учащихся на разных уровнях конкурсов, олимпиад и ноу.

Обобщая вышесказанное, можно определить значимость рефлексии как актуального объекта педагогической науки

Список литературы:

1. Инструктивно-методическое письмо. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2017. – с.4 /

2. Ильясова Д., Рахимжанова Б., Turner F, Williams F. Коучинг и менторинг в рамках уровневых программ РК. Астана: Педагогический диалог №4, 2013 год, НИШ.-37с/

3. Касенова А.Н. Роль технологии развития критического мышления в формировании метакогнитивных умений учителя и ученика в развитии их внутреннего лидерства. - Костанай.: ТРЕНЕР-EDUCATION, №2, 2015.- 135с.

БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢҒЫРТУ: БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНУ

Кеделбаева Гауһар Әміржанқызы
Қарабасова Қарлығаш Мәлікзадақызы
Амангелді ауданы, Ы.Алтынсарин атындағы
жалпы білім беретін орта мектеп.

Аннотация

Бұл мақалада Ыбырай Алтынсариннің ізімен жалғасып келе жатқан қазақ мектептеріндегі жаңашылдық пен білім мазмұнын жаңартудағы өзгерістер талқыланды.

Аннотация

В этой статье обсуждаются изменения в инновации и обновление контента в казахских школах, которые продолжаются по пути Ибраи Алтынсарин.

Abstract

This article discusses changes in innovation and content updates in Kazakh schools that continue along the path of Ibrai Altynsarın.

Түйінді сөздер: жаңартылған білім, ұлт, жаңашылдық, әдіс-тәсіл, ұстаз, бірізділік.

Ключевые слова: обновленные знания, национальность, инновации, методология, учитель, последовательность.

Keywords: renewed recognition, nationality, innovation, methodology, teacher, follow-up.

Әр заман, тарихи әр кезең әлеуметтік құбылыстар өзінің дарынды өкілдерін жарыққа шығарып отыратыны мәлім. Олар елдің мұң – мұқтажын көре біліп, халқының сол мұқтажына перзеттік махаббаттын арнаған, туған халқының игілігі үшін бар күш жігерін жұмсаған ардақты азамат ретінде халық тарихынан орын алып отырған. Мұндай азаматтардың игілікті дәстүрлері ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып, елдің тарихи, мәдени өміріне елеулі ықпал етіп келген. Қазақ халқының тарихында аса көрнекті орын алған сондай тұлғалардың бірі - Ыбырай Алтынсарин. Ол жаңашыл, дарынды ағартушы ғана емес, халқымыздың теңіздей толқып тасыған інжу – маржан жырларын жақсы біліп, еңбегіне арқау еткен. Сүйтіп, өзі өмір сүрген дәуірдің мұрат- мүдделеріннің кәдесіне, ұрпақ тәрбиесіне жарата білген.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Елбасы Н.Назарбаев 2011 жылғы Қазақстан халқына «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Жолдауында «Өмір бойы білім алу» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» [1,14б.], деп бекер айтпаған да болар.

Бүгінгі күні білім беру саласы «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басым бағыттарының бірі болып танылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіргізу туралы міндет қойған болатын. Бұл мәселені жүзеге асыруда білім беру жүйесін жетілдіру айтарлықтай рөл атқарады.

Елбасымыздың жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет». Жаңа білім берудің негізгі мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Білім беру мазмұнын жаңарту: болашаққа бағдарлану. Білім – қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Болашақтың бүгінгіден нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамы алға апаратын күш тек білімде ғана. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. XXI ғасыр деңгейінде білім беру және кәсіптік даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына 2007 жылғы 28 ақпандағы Жолдауында «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек. Әр оқушының білім мен қабілет деңгейінің тиімділігін бағалаудың біртұтас жүйесін жасау қажеттігін, оқу жоспарларына жаратылыстану бейініндегі арнаулы сыныптар құруды қарастырған жөн» [1,15б.], екендігі атап көрсетілген болатын. Жаңа ғасыр табалдырығын білім мен ғылымды инновациялық технология бағытымен дамыту мақсатымен аттауымыз үлкен үміттің басты нышаны болып табылады.

«100 нақты қадам» бағдарламасы шеңберіндегі бес институционалдық реформа бойынша білім беру саласында жаңартылған білім беруді енгізу және функционалдық сауаттылықты дамыту үшін мектепте білім берудің стандартын жаңарту жоспарланған. Осы тұрғыдан білім мазмұнын жаңарту ұлт болашағының кепілі ретінде қарастырылуда [2,26б.]. Осыған орай, Қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басты міндеттерінің бірі білім берудің мазмұнын жаңарту болып отыр. Бүгінгі күн талаптарына сай жаңа білім беру оқушыларға тек белгілі бір білім, іскерлік, дағдылар

жиынтығын меңгертіп қана қоймай, оқушы тұлғасын дамытуға, өмірлік проблемаларды өз бетімен және тиімді шешуге, тұлғаның өзін-өзі анықтауына, әлеуметтенуіне және өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білімділік, тәжірибе және әмбебап қабілеттердің жиынтығын меңгертуге бағытталуы тиіс.

Қазақстандық білім беру саласына белгілі бағыт берілді, бұл ізгіліктік, тұлғалық, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік тұрғылыр негізінде білім беру. Оның басты мақсаты – оқушының өз тұлғалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін барлық жағдайды тудыру. Мектепте әрбір бала қайталанбайтын, ешкімге ұқсамайтын даралық ретінде қалыптасуы тиіс. Мектептің негізгі міндеті – баланың даралығын ашу, оның айқындалуына, дамуына, тұрақтануына көмек беру. Бұл білім беру мазмұнына өзгеріс енгізу қажеттілігінің бір көрінісі [3,36 б.]. Осы мақсатқа қол жеткізу міндеті білім берудің философиясы мен педагогика ғылымының парадигмалық өзгерісін әдіснамалық тұрғыдан терең талдау жасауға алып келеді.

Республикамызда жасалған білім берудің жаңа жүйесі - Қазақстанды әлемдік білім беру кеңістігіне енгізуге жасалған қадам. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Оқыту үдерісін Білім мазмұнының жаңартылған бағыты мұғалімнің бағыттауымен оқушының өздігінен білім алуына ықпалы зор. Жаңартылған білім мазмұны белсенді оқыту арқылы әр түрлі әдіс-тәсілдердерді қолдана отырып оқушылардың барлығын сабаққа жұмылдыру, ынтасын, пәнге деген қызығушылығын ояту. Жаңартылған оқу бағдарламаларында пәннің мазмұны және мақсаттары мұғалімдер үшін бірізділігімен тиімді. Бағалаудың жетістік критерийлері де өте жақсы қамтылған. Мұғалім үшін тиімділігі оқушыны әділ бағалай алуы, мақсаттың нақтылығы, ресурстардың жеткіліктілігі. Оқушы үшін белсенді оқытудың тиімді жақтары, оның жеке, жұппен, топпен жұмыс істеуінде. Бұл жерде алға қойылатын басты мақсат - оқушыға деген сенім, оның өз ісіне жауап беру мүмкіндігіне сүйеніп беделі мен қадір-қасиет сезімін дамыту. Себебі өз білмейтіндерін басқа білетін оқушылардан толықтыруы.

«Оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» [1,16б.], деп атап көрсеткеніндей, қазіргі таңда елімізде жаппай білім беру мазмұны жаңғыртылуда.

Білім беру саласындағы өзгеріс тиімділігі– орта білім берудің жаңа үлгісін құру, оқу нәтижелілігін арттыру және оны барлық салада қолданысқа енгізу. Бұл үдерісті жүзеге асыратын тиімді тәсіл – жаңа форматты ұстаздар дайындау. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Біз осы заманғы білім беру жүйесінсіз, әрі алысты барлап, кең ауқымды ойлай білетін осы заманғы мұғалімдерсіз инновациялық экономика құра алмаймыз» [1,16б.] - деп атап көрсеткен еді. Яғни, осы заманғы ұстаз – болашаққа заман ағысымен ілгерілеген озық тұлға екенін көрсетуіміз керек. Мұғалімге осындай көзқараспен қарау, оның алдына қойылатын талапты да айқындайды.

Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды–машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Кез келген қоғам үшін өскелең ұрпақтың қайсыбір таңдау жасағанда ұлттық рух пен ұлттық мүделерді бастап орынға қойып, азаматтық пен адамгершілік ұстамдарынан ауытқымауы аса маңызды. Сондықтан, тәрбиелей отырып, сапалы білім беру ұстанымын қою қажет. Икемді тұлға болу үшін неге икемделу керек екенін бала да, ата-ана да айқын білу керек. Ол үшін жаңа типті мектептің ең негізгі мақсаты — жалпыадамзаттың ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру керек. Білім мазмұны да, құрылымы да, оқыту технологиялары да сол мақсатқа жетуге бағыт алуы керек.

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы- мақсатының орындалуына жеткізе алады. Бұл бағдарламалар мазмұны оқушылардың білімімен қатар функционалдық сауаттылығын дамытуға да бағытталған. Оқушы тек қана білім нәрімен сусындамайды, руханиболмысын да қалыптастырады.

Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр.

Жаңартылған білім – жаңа мүмкіндіктерге серпіліс. Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында. Жаңа бағдарлама мұғалімдерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алуға жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық. [4, 48-49б.],

Жаңартылған бағдарлама бойынша өткізілген сабақтарда:

- оқушылардың шығармашылық дербестігін дамыту арқылы оның жеке тұлғасын қалыптастыруға болады;

- қызығушылық іс-әрекет түрлері төменнен жоғары қарай, кезекті түрде, белгілі бір ретпен, жүйемен жүргізілуі нәтижесінде шығармашылығы дамиды;

- қызығушылық іс-әрекетті дұрыс ұйымдастыру біліктері мен ізденімпаздықтың қалыптасуы оқушыларды шығармашылыққа баулиды;

- оқушыларды танымдық тапсырмаларды орындау мүмкіндіктеріне қарай топтарға бөліп, сәйкес жұмыс түрлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізудің маңызы зор;

- қызығушылық іс-әрекетте дәстүрлі емес әдіс-амалдар пайдалану интеллектуалдық қабілеттерін дамытып, оқу-танымдық және ғылыми ізденістер жасауға талаптандырады[5, 23-24б.]. Сапалы білімді қамтамасыз етуде қазіргі қолданылып жатқан әдіс- амалдар өте мол, оқушылардың қызығушылығын арттыруда жаңа технологиялар да артуда, тек әр ұстаз, өз оқушыларына ыңғайлысын қолдана білуден ұтады. Соның бірі мектепте қазақ тілін оқытуда қолданылған шығармашылық тапсырмалар, оқушылар өздері ізденеді, тілге деген құрметі артады, әр тақырыптың мәні ашылып, талданады, қазақ халқының салт-дәстүрімен таныстырылып, сыйластыққа үйретеді, пәнге деген қызығушылықтары да арта түседі деп ойлаймыз.

Жаңартылған оқу бағдарламасын қолдану барысында оқушылардың пәнге ынтасы, белсенділігі артып, іздемпаздық, дербес ойлау, өзіндік қорытындылау қабілеттерін дамытамыз. Сөйлеу, дұрыс сұрақ қоя білу, өз ойын сауатты, толық жеткізу дағдыланырын одан әрі жетілдіреміз, алған білімдерін өмірде тиімді қолдану арқылы функционалды сауатты ұрпақ тәрбиелеуге жол ашамыз. Олай болса, білімді дәл осылай қолдану арқылы оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береміз.

«Өсер елдің ұлы өнерлі, қызы мінезді келеді» дейді дана халқымыз. Егеменді ел тірегі – білімді ұрпақ десек, тәрбиелеп отырған өрендеріміздің болашағы XXI ғасырмен тұстас келгеніне қуаныштымыз. Өйткені, XXI ғасыр – білім ғасыры. Білімділерді аялап тербетер, баптап өсірер саналы тәрбие мен сапалы білім керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Президентінің 2014 жылы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауы
2. Ж.Жонтаева «Оқу бағдарламаларының мазмұнын жаңарту»\| Білімді ел\| 16, тамыз, 2016ж. №15.52-бет.
3. Асқарбек Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы.- Алматы, 2013. – 120 бет.
4. Мұсабеков Ө. Тұлғаға бағытталған білім. Қазақстан мектебі. 2007/1.
5. Ұлт тағылымы 2007 №2.

ВОЗМОЖНОСТИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ВУЗА ПРИ ИСПОЛЬЗОВАНИИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Кифик Наталья Юрьевна
канд. пед. наук, КГПИ, г.Костанай

Аннотация

Мақала авторы болашақ педагогты педагогикалық университеттің білім беру ортасының жағдайында дайындауға байланысты мәселелерді қарастырады. Осыған байланысты білім беру ортасының тұжырымдамасы қарастырылады. Сондай-ақ, мақалада ақпараттық технологиялар қазіргі заманғы педагогикалық университет жағдайында қалай қолданыла алатыны туралы айтылады.

Аннотация

В статье автор рассматривает вопросы связанные с подготовкой будущего педагога в условиях образовательной среды педагогического вуза. В связи с этим рассматривается понятие образовательной среды. Также в статье отмечается каким образом информационные технологии можно использовать в современных условиях педагогического вуза

Abstract

In the article the author considers issues related to the preparation of the future teacher in conditions of the educational environment of the pedagogical university. In this connection, the concept of an educational environment is considered. Also in the article it is noted how information technologies can be used in the modern conditions of a pedagogical university.

Түйінді сөздер: *білім беру ортасы, педагогикалық орта, ақпараттық технологиялар, тұлғалар, студенттердің мүмкіндіктері, тиімділігін арттыру, оқу үдерісі*

Ключевые слова: *образовательная среда, педагогический вуз, информационные технологии, личность, возможности студентов, повышение эффективности, учебный процесс*

Keywords: *educational environment, pedagogical high school, information technologies, personality, students' opportunities, efficiency increase, educational process*

На сегодняшний день в обществе существует востребованность в педагогических кадрах, которые ориентируются в информационных технологиях, легко управляют информационными потоками, представляют собой активную личность, способную самостоятельно принимать решения, делать выбор, ставить и реализовать цели, выходящие за рамки стандартных требований, анализировать возникающие проблемы, объективно оценивать свою деятельность. Для подготовки такой личности требуется образовательная среда с новыми информационными характеристиками [1]. Современная образовательная среда представляет собой огромный интеллектуальный мир знаний, который состоит из различных источников информации: книги, Интернет, видео, диски, компьютерные технологии и программы, радио, телевидение и т.д.

Под образовательной средой вслед за Н.В. Стрельченко мы понимаем совокупность необходимых условий, способствующих не только успешному обучению, но и освоению, а также усвоению образовательного социокультурного опыта [2]. Для адаптации обучающихся в быстро развивающейся информационной среде требуется